

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2018 ж. 14. маусым ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 970540000107
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 13.05 ЖЫЛ 1994
КҮЕЛІК № 3890-1901-02-АҚ

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2018 жылғы 24 мамырдағы
шешіміне (№1/2018 хаттама) қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2018 жылғы 24 мамырдағы
шешімімен (№1/2018 хаттама) енгізілген

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар

1. 1-бапта:

1) 1-тармақтағы «және реттелетін нарықтарда» деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, тұрғын емес үй-жай 12.».

2. 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 19) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

«19) Қоғамның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдары үшін өнеркәсіптік объектілер мен процестерді жобалаған кезде инженерлік ізденістерді жүзеге асыру және инженерлік қызметтер көрсету;

20) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы шеңберінде су құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтерін көрсету.».

3. 4-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдар, өкілдіктер және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелер ашуға және өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беруге және олардың қызметінің тәртібін белгілеуге;».

4. 5-бапта:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) дербес немесе өзге акционерлермен бірлесіп, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан астам пайызын иеленген кезде, Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға;»;

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлғалар үшін осы баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасында көзделген талапты орындау міндетті болып табылады.»

5. 7-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап дивидендтер 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей төленуі тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіне өзі туралы қажет деректемелердің енгізілуін растайтын құжатпен Қоғамға жүгінген күннен бастап 90 (тоқсан) күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.»

6. 9-бапта:

1) 17-тармақ мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) жиналыс өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беру тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған рәсім;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің жиналыс өткізілетін нормалары.»;

2) 21-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоғам акционерлерін жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей немесе осы баптың 24-тармағында белгіленген тәртіпте осындай толықтырулар туралы хабардар ету шартымен дербес немесе өзге акционерлермен бірлесіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан астам пайызын иеленген акционер немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін толықтыруы мүмкін.»;

3) 37-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Акционерлердің көзбе-көз тәртіпте жүргізілетін жалпы жиналысында Қоғам Басқармасының мүшелері болуы тиіс, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мен шақырылған адамдар қатысуы мүмкін. Шақырылған адамдар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.»

7. 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 21-2) тармақшамен толықтырылсын:

«21-2) нәтижесінде елу және одан көп пайыз иеліктен шығарылған (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша Қоғам нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығарған (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, сондай-ақ осындай мәмілелерге мүлік құнын өзгертуді көздейтін қосымша келісімдерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;».

8. 11-бапта:

1) 3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) өз құзыреті шеңберінде заңды тұлғалар құру туралы (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы) шешім қабылдау;»;

22) және 33) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«22) жасалуы туралы шешімді Жарғының 10-бабы 1-тармағының 21-2) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді қабылдау Басқарма құзырына жататын мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді, сондай-ақ Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, сондай-ақ осындай мәмілелерге мүлік құнын өзгертуді көздейтін қосымша келісімдерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;»;

«33) Қоғамның аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін және аралық (жартыжылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;»;

2) 24-тармақтың екінші және он бірінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғамның Басқармасына және корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.»;

«Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлауды бұрын табыс еткен Директорлар кеңесінің мүшесі Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша хабарламасы ескерілмейді.»;

3) 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мына мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 2) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта аталған мәселелердің қаралуы Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзырына жатқызылуы мүмкін.».

9. 12-бапта:

1) 2-тармақта:

1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын, корпоративтік хатшы қызметінің штат санын ескере отырып, Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын бекітеді, сондай-ақ олар туралы ережелерге сәйкес Қоғам филиалдарының, өкілдіктері мен өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің штат саны мен құрылымын, филиалдар мен өкілдіктердің штат кестесін бекітеді;»;

«4) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің, өзінің еншілес ұйымдарының және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) Қоғам филиалдарынан, өкілдіктері мен жекеленген құрылымдық бөлімшелерінен басқа, өзгелерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдайды және олар туралы ережелерді бекітеді;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 9-бабының 36-тармағында, 10-бабы 1-тармағының 10), 14), 20), 21) тармақшаларында, 11-бабы 3-тармағының 2), 8)-14), 23), 28)-30), 32) 36)-39) тармақшаларында, 12-бабы 3-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарында, 13-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды;»;

13) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, сондай-ақ осындай мәмілелерге мүлік құнын өзгертуді көздейтін қосымша келісімдерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) Қоғамның толық іске асырылуы құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден астам инвестициялар жиынтығын салуды көздейтін инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы шешімдерді қабылдайды. Бұл ретте, осындай инвестициялық жобаларды іске асыру «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;»;

2) 10-тармақта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) филиалдар мен өкілдіктерден басқа, олар туралы ережелерге сәйкес Қоғамның өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің штаттық кестесін бекітеді;»;

8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, сондай-ақ осындай мәмілелерге мүлік құнын өзгертуді көздейтін қосымша келісімдерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;».

10. 14-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Д. Досанов

Екі мың он сегізінші жылғы отыз бірінші мамырда, мен Абдыкаримова Зауреш Мажкеновна, нотариус 2003 ж. 06 ақпанда ҚР Әділет Министрлігінде берілген № 0001295 мемлекеттік лицензия негізінде, менің қатысуыммен «КазТрансОйл» Акционерлік қоғамы Бас директоры (Басқарма төрағасы) аз.Досанов Димаш Габитовичтің қойған қол таңбасының нағыз екенін куәландырамын. Қол қойған өкілі анықталып, оның әрекет қабілеттілігі және өкілеттігі, сондай-ақ «КазТрансОйл» Акционерлік қоғамының құқық қабілеттілігі тексерілді.



Тізілімде тіркелген № 2183

Өндіріліп алынды: мемлекеттік баж+техқызметтер

Нотариус

A handwritten signature in blue ink, consisting of stylized, overlapping loops and lines.

Пронумеровано, пронумеровано
6/1000 Страниц.
НОТАРИУС



[Signature]
«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
АДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
НӨМІРЛЕНГЕНІ
ТІКЕЛГЕНІ
21 ақпан
2018 ж. 197
шағын